**2001 жылғы 23-28 мамырда Астана мен Алматы қалаларында өткен жоғары деңгейдегі Қазақстан-катар бірлескен комиссиясының екінші отырысы барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 27 қыркүйек N 1259

2001 жылғы 23-28 мамырда Астана мен Алматы қалаларында өткен жоғары деңгейдегі Қазақстан-катар бірлескен комиссиясының екінші отырысы барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру және қазақстан-катар ынтымақтастығын одан әрі дамытуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қоса беріліп отырған 2001 жылғы 23-28 мамырда Астана мен Алматы қалаларында өткен жоғары деңгейдегі Қазақстан-катар бірлескен комиссиясының екінші отырысы барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары, өзге де мемлекеттік органдары (келісім бойынша) мен мүдделі ұйымдары (келісім бойынша) Жоспарда көзделген іс-шараларды іске асыру жөнінде нақты шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі кемінде жарты жылда бір рет Жоспардың орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне хабарлап отырсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001 жылғы 27 қыркүйектегі
N 1259 қаулысымен бекітілген

2001 жылғы 23-28 мамырда Астана мен Алматы қалаларында
өткен жоғары деңгейдегі Қазақстан-катар бірлескен
комиссиясының екінші отырысы барысында қол жеткізілген
уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралардың

жоспары

| Р/с N | Іс-шара | Орындалу мерзімі | Орындалуы үшін жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| | Шарттық-құқықтық базаны кеңейту | | |
| 1 | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Катар Мемлекетінің Үкіметі арасындағы Білім және ғылым саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді пысықтау және оған қол қою | 2002 жылдың III тоқсаны | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |
| 2 | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Катар Мемлекетінің Үкіметі арасындағы Қосарланған салық салуды және табыс пен капиталға салынатын салықтарды төлеуден жалтаруды болдырмау туралы келісімнің жобасы бойынша келіссөздердің бірінші кезеңін катар тарабымен өткізудің мүмкіндігін қарастыру | 2001 жылдың IV тоқсаны | Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі |
| 3 | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Катар Мемлекетінің Үкіметі арасындағы Инвестиция. ларды көтермелеу мен өзара қорғау туралы келісімді қол қоюға дайындау | -//- | Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Инвестиция. лар жөніндегі комитеті |
| 4 | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Катар Мемлекетінің Үкіметі арасындағы Әуе қатынастары туралы келісімді | 2002 жылдың бірінші жарты жылдығы | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | пысықтау және оған қол қою | | |
| 5 | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Катар Мемлекетінің Үкіметі арасындағы Туризм саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумды қол қоюға дайындау | 2002 жылдың бірінші жарты жылдығы | Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі |
| 6 | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Катар Мемлекетінің Үкіметі арасындағы Азаматтық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы шартқа қол қою мүмкіндіктерін зерделеу жөніндегі жұмысты жалғастыру | -//- | Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі |

------------------------------------------------------------------------

Ынтымақтастықты жандандыру

| | | | |
|---|---|---|---|
| 7 | білім және ғылым саласында: | | |
| | Қазақстан Республикасы мен Катар Мемлекетінің оқу орындары әрі ғылыми-зерттеу институттары арасында студенттермен, аспiранттармен және докторанттармен алмасу мүмкіндігін қарастыру; | Тұрақты негізде | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі |
| | Катар университетінде араб тілін меңгеру үшін Қазақстан Республикасының оқытушылары мен студенттерін жіберу мүмкіндігін қарастыру; | -//- | -//- |
| | Исламды зерттеу мәселелерімен айналысатын Қазақстан ғалымдарын Катар Мемлекетіне | -//- | -//- |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | жіберу мүмкіндігін қарастыру | | |
| 8 | сауда, экономика және инвестициялар саласында: | | |
| | 1998 жылғы 23 мамырда Доха қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Катар Мемлекетінің Үкіметі арасындағы Сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімнің шеңберінде Қазақстан Республикасының Астана қаласында Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі бірлескен жұмыс тобының отырысын өткізу | 2001 жылдың IV тоқсаны - 2002 жылдың I тоқсаны | Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі |
| | Экономикалық ынтымақтастықты дамытудың және өзара сауда көлемін ұлғайтудың мүмкіндігін зерделеу | Тұрақты негізде | -//- |
| 9 | Астана қаласында Сұлтан Бейбарыс атындағы мәдени орталығын салу жөніндегі консультацияларды жалғастыру | 2002 жылдың ішінде | Астана қаласының әкімі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 10 | сауда-өнеркәсіп палаталары арасында: | | |
| | Екі мемлекеттің іскерлік топтары арасында Қазақстан Республикасы мен Катар Мемлекетінің Сауда-өнеркәсіп палаталары желісі бойынша байланыстар мен ынтымақтастықты дамыту | 2002 жылдың бірінші жарты жылдығы | Қазақстан Республикасының Сауда-өнеркәсіп палаталарының одағы (келісім бойынша) |
| 11 | жастар ісі және спорт саласында: | | |

1999 жылғы 22 сәуірде Астана
қаласында қол қойылған
Қазақстан Республикасының
Үкіметі мен Катар Мемлекетінің
Үкіметі арасындағы Жастар ісі
және спорт саласындағы
ынтымақтастық туралы

P990948_

| | | |
|---|---|---|
| келісімді іске асыру мақсатында мынадай бағыттар бойынша: | | |
| 1) жастар ісі саласында: екі елдің жастары бойынша ақпарат алмасу жөніндегі байланыстарды жандандыру | 2001 және 2002 жылдар ішінде | Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |
| жастар ісі жөніндегі уәкілетті органдар өкілдерінің және жастар қоғамдық ұйымдарының арасындағы ынтымақтастықты дамыту; | -//- | -//- |
| екі елде өткізілетін халықаралық жастардың іс-шараларына, конференцияларына, фестивальдарына қатысу мүмкіндігін қарастыру; | -//- | -//- |
| 2) спорт саласында: | | |
| спорт саласындағы басымдықты бағыттарды анықтау үшін ресми делегациялар арасындағы байланыстарды жандандыру; | 2001 және 2002 жылдар ішінде | Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі |
| түрлі спорт командаларының бірлескен оқу-жаттығу жиындарын өткізу мүмкіндігін | -//- | -//- |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | зерделеу | | |
| 12 | туризм саласында: | | |
| | Қажетті ақпараттар алмасу жөніндегі байланыстарды жандандыру | Тұрақты негізде | Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі |
| 13 | мәдениет және өнер саласында: | | |
| | Кітап және көркемөнер көрмелерін ұйымдастыру жөніндегі ынтымақтастықты дамыту; | 2001 және 2002 жылдар ішінде | Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |
| | ислам діні жөніндегі қолжазбалар, кітаптар және мерзімді басылымдар алмасу мүмкіндігін қарастыру; | 2002 жылдың ақпаны | -//- |
| | Қазақстан Республикасының Катар Мемлекетіндегі мәдениет апталығын дайындау және өткізу жөніндегі және Катар Мемлекетінің Қазақстан Республикасындағы мәдениет апталығын дайындау және өткізу жөніндегі ынтымақтастықты жандандыру | 2003 жылдың ішінде | -//- |
| 14 | Катар Мемлекетінің Доха қаласында Қазақстан Республикасының Елшілігін ашу мүмкіндігін қарастыру | 2002 жылдың ішінде | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 15 | Жоғары деңгейдегі қазақстан-катар бірлескен комиссиясының екінші отырысы барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі жұмыстың нәтижесі | Жарты жылда бір рет | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (жинақтау), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат ұсыну | | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Астана қаласының әкімі, Қазақстан Республикасының Сауда-өнеркәсіп палаталарының одағы (келісім бойынша) |
| 16 | Катар мемлекетінің Доха қаласында жоғары деңгейдегі қазақстан-катар бірлескен комиссиясының үшінші отырысын өткізуге материалдар дайындау | 2002 жылдың бірінші жарты жылдығы | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (жинақтау), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, |

Қазақстан Республикасының
Көлік және коммуникациялар
министрлігі, Қазақстан
Республикасының Туризм
және спорт жөніндегі
агенттігі, Қазақстан
Республикасының Мәдениет,
ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігі,
Астана қаласының әкімі,
Қазақстан Республикасының
Сауда-өнеркәсіп
палаталарының одағы
(келісім бойынша)

---------------------------------------------------------------------

Мамандар:
Багарова Ж.А.
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК